

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***И. Б. Булегенова¹, Г. К. Кенжетеева²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ АССОЦИАТИВТІ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Эмоция – бұл адамның психикалық жағдайын білдіретін күрделі күй. Ол сезіммен әрдайым тығыз байланыста. Адам болмысы үнемі өзгерісте болғандықтан, сезім мен эмоциялар да үнемі өзгеріп, бір-біріне әсер етіп, әрдайым арақатынаста болады. Сондықтан да ғылымда, әсіресе, лингвистикада эмоцияларды зерттеу қашан да болса өзекті мәселе. Адам психикалық және эмоционалды күйін лексикалық, синтаксистік, фонетикалық және морфологиялық құралдар арқылы жеткізе алады. Мақалада тілдік сананың менталды бейнесін анықтау жолдарының бірі ассоциативті эксперименттің барысы баяндалады. Ассоциативті эксперимент лингвистика мен психоллингвистикада кеңінен қолданылады. Соның бірі – еркін ассоциативті эксперимент. Эксперимент қазақ тіліндегі қуаныш, ашу, қайғы, бақыт, мұң, қорқыныш, қызғаныш, жек көру, көре алмау, ар-ождан, үміт сияқты эмоция атауларының семантикалық мағыналарын (коннотация) анықтап, сипаттауға бағытталған. Эксперимент көмегімен тілдік сананың қызмет ету ерекшеліктеріне көз жеткізуге болады. Экспериментке барлығы 100 респондент қатысты. Олар - жаратылыстану және филология факультеттерінің студенттері. Респонденттердің жасы 18–23 жас аралығында. Сауалнаманы толтыру барысында уақыт шектелмеді, алайда орындау уақыты орташа есеппен 15–20 минутты қамтыды. Зерттеу этикасына сәйкес, эксперимент барысында анонимділік қағидалары сақталды. Толтырылған сауалнамалар мұқият талданды.

Кілтті сөздер: жағымды эмоция, жағымсыз эмоция, ассоциативті эксперимент, тілдік сана, психоллингвистика

Кіріспе

Тілді толыққанды зерттеу барысында адамның эмоционалды жағдаятын ескермеу мүмкін емес. Әр мәдениетте эмоциялар туралы ұғымдарды және тілдердегі эмоция атауларын білдіретін сөз мағынасының

ерекшеліктерін анықтау тілді оқытудағы туындайтын мәселелермен ерекше байланыста. Эксперименттің өзектілігі көптілді немесе билингвист респонденттердің санасына өзге мәдениеттің әсер етуінен көрінеді. Эмоция мен эмоционалдылықты зерттеудегі қызығушылық антропоцентриалық ғылымға тән мәселе. Эмоциялардың лингвистикада зерттелуі жаңа бағыт болып саналмайды, алайда бұл мәселе адам болмысымен тікелей байланысты болғандықтан әлі де ашылмаған қыр-сырлары бар. Қазіргі таңда жалғыздық, ыза, ашу, жек көру, көре алмау сияқты жағымсыз эмоциялар жағымды эмоцияларға қарағанда басым болып келеді. Бұл жайтқа кейбір экономикалық, саяси, идеологиялық, әлеуметтік, мәдени құндылықтарды сақтаудағы туындайтын мәселелер ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Психоллингвистика пәнаралық ғылым болғандықтан, түрлі эксперименталды әдіс пен тәсілдердің қолданылуымен ерекшеленеді. Ассоциативті эксперимент – психоллингвистикалық зерттеулердің ең тиімді әдістерінің бірі. Отандық тіл білімінде А. А. Залевская, М. М. Копыленко, Н. В. Дмитрюк, Г. Г. Гиздатов, Д. А. Молдалиева, Е. С. Мезенцева, Д. Н. Байгутова және т.б. ғалымдардың осы бағыттағы еңбектерін ерекше атауға болады. Ассоциативті эксперимент әртүрлі этникалық топтар өкілдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің элементтерін анықтауға мүмкіндік береді [1]. Эмоция атауларын зерттеуде еркін ассоциативті эксперимент таңдалды. Аталмыш әдіс – тіл және оның құрылымын жан-жақты талдауда ең жиі қолданылатын әдіс. Еркін ассоциативті эксперимент сөздердің бір-бірімен байланысын және адам санасында орналасу тәртібін зерттейді. Бұл эксперимент берілген тірек сөзге адамның ойына келген бірінші сөзбен не болмаса сөз тіркесімен жауап беру арқылы жүзеге асады. Сол уақыттағы адам санасында орын алған құбылыстар ассоциациялық сипатқа ие [2]. Біз өткізген еркін ассоциативті эксперимент тілдік тұлға, ұлттық сана, әлеуметтік-мәдени стереотип, әлемнің тілдік бейнесі сияқты ұғымдарды түсінудегі маңызды ақпарат көзі. Сөз тілдік сананың бірлігі болғандықтан, оны зерттеу қызығушылық тудырады. Бұл эксперимент қазақ тіліндегі қуаныш, мұң, бақыт, қайғы, ашу, жек көру, қорқыныш, көре алмаушылық, қызғаныш, ар-ождан, үміт сияқты эмоция атауларының мағыналық байланысын сипаттауға бағытталған. Ассоциативті эксперимент объектісі эмоционалды сөздер, яғни адамның әртүрлі эмоционалды жағдаятын сипаттайтын сөздер: қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашу және басқалар. Ассоциациялар – бұл адамдардың ішкі сөздік қорының көрінісі және олардың жеке құндылықтарына негізделген тілдік сана. Бұл экспериментті жүргізу үшін адамның эмоционалды жағдайын көрсететін 11 эмоция атауларынан тұратын сауалнама жасалды. Қазіргі таңда ғылымда

тұрақты базалық эмоция атаулары болмағандықтан, сауалнамामызда ең жиі кездесетін атауларды қолдануды жөн көрдік. Сауалнама онлайн режимінде survio.com көмегімен жасалды. Сауалнамаға 100 респондент қатысты. 50 респондент филология факультетінің студенттері және келесі 50 респондент жаратылыстану факультетінің студенттері еді. Респонденттердің жас ерекшелігі 18–23 жас арасында болды. Респонденттердің сауалнаманы толтыру уақыты шектелмеді. Бұл кезең 15-20 минут аралығын қамтыды. Қатысушылар берілген эмоция атауларының жанына ойына келген алғашқы ассоциацияларды жазуы тиіс болды.

Нәтижелер және талқылау

Респонденттерге төмендегідей кесте ұсынылды. Жауаптарға бірінші рет жалпылама түрде көз жүгірткенімізде, кейбір сөздерге ассоциация жазылмағанын байқадық. Ассоциация жазбай қалдырғандардың басым үлесі жаратылыстану факультетінің студенттері. Бұл студенттер үшін ассоциация жазудан ең көп қиыншылық тудырған *ар-ождан*, *мұң*, *көре алмаушылық* деген эмоция атаулары болды (8 респондент ассоциация жазбаған). Ал филология факультетінің студенттері үшін *қорқыныш*, үміт эмоция атауларын толтыру қиындық тудырған (3 респондент жауап жазбаған).

1-кесте – Ассоциативті эксперимент сауалнамасы

Сөздер	Ассоциация			
	түс	дәм	өсімдік	жануар
Қуаныш				
Мұң				
Бақыт				
Қайғы				
Ашу				
Жек көру				
Қорқыныш				
Көре алмау				
Қызғаныш				
Ар ождан				
Үміт				

Барлық 100 сауалнама жіті талқыланды және бірдей жауаптар саналып, жинақталды. Ассоциативті эксперимент нәтижесінде эмоциялардың ассоциативті критерийлері сарапталды. Жиі кездескен ассоциациялар қатарына 10 және одан жоғары қайталанған жауаптардың қатары кірді. 1 немесе 2 рет қайталанған жауаптар сирек кездесетін ассоциациялар қатарына

жатқызылды. Төменде эмоцияларға берілген ассоциациялардың бірнешеуін ғана кесте жүзінде беруді жөн көрдік.

2-кесте – Қуаныш эмоциясының ассоциативті критерийлері

Ассоциация	Жауаптар
түс	Қызыл (26), сары (26), көк (12), қызғылт (12), жасыл (10), алтын (2) сарғыш (2), ақ (4), ашық қызыл (4), кемпірқосақ түстері (2)
дәм	Тәтті (62), торт (10), балмұздақ (12) шоколад (8) қышқыл (2), қанттың дәмі (2), үй тамағы дәмі (2), дәмді тағам (2)
өсімдік	Гүл (42), раушан (24), түймедақ (12), қызғалдақ (10), бақбақ (3), мамыргүл (2), орхидея (1), ананас (1), сәлдегүл (1), қайың (1) көкнәр (1), құлпынай (1), күнбағыс (1), астра (1).
жануар	Ит (33), мысық (18), күшік (12), қыран (12), елік (12), жылқы(12), панда (1), зебра (1), қоян (2), балық (1), пингвин (1), маймыл (1), дельфин (1), тиін (1)

Қазіргі тіл білімінде түр-түс атауларының зерттелуіне айрықша мән берілуде. Мұның басты себептерінің бірі – түс атауларының адамның рухани дүниесі мен ұлттық сана сезімі ерекшеліктерінің дереккөзі ретінде қарастырылуы. Түс символикасы халықтың өзіндік ерекшелігін танытады. Түс атаулары мәдениетпен де тығыз байланысты, яғни мәдениетаралық қарым-қатынаста орасан рөл атқарады. Адам кейбір түстерге байланысты белгілі бір эмоцияларды бастан кешіреді [3]. Жүргізілген экспериментте респонденттердің қуаныш эмоциясына ең көп түс ассоциациясына қызыл, сары, көк түстерін берді. Қызыл, сары, көк негізгі түстер санатына кіреді. Қызыл түс әлемде махаббат, сүйіспеншілік, билік, дәулет сияқты ұғымдарымен тығыз байланысты. Ал, халқымыз ежелден қызыл түсті отпен, күнмен байланыстырған. Қызыл түсімен байланысты тіркестер де көп. Мысалы, қызыл бет (көрікті), қызыл ерін (қыздың тартымды ерні), қызыл көмей (сыңғырлаған дауыс), қызыл көбейсін! (береке құтайсын, құт дарысын мағынасын қырманшыларға айтылатын тілек). Сары мен көк түстері де қазақ танымында маңызды сипатқа ие. Бұл түстердің қазақ мәдениетіндегі сипатын Ғ. Марғұлан былай деп түсіндіреді: «көк түс – көк аспанның, көкке табынудың, сары түс – ақыл-ойдың, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, бақыттың, қуаныштың, қара – жердің, жасыл – жастық пен көктемнің түстері» [4]. Сары түс күн шапағатының белгісі болса, көк түс халқымыздың ұғымында аспанмен байланыстырылған, сол себепті көк биіктік пен бостандықтың нышаны болып табылады. Мұның бірден-бір дәлелі – еліміздің көк байрағы мен онда бейнеленген күн суреті. Қызыл, сары, көк түстері ұлттық танымымызға әбден сіңген.

Қуаныш эмоциясына дәм сөзіне тәтті, торт, балмұздақ, шоколад сөздерінің ассоциация тудыруының өзіндік себептері бар. Тағам өндірісінің зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, кейбір тағамдар адамның психоэмоционалды жағдайын өзгерте алады екен. Қуаныш, бақыт эмоциялары адам санасындағы нақты бір тағаммен байланыстырылады. Бұл өндірістің және психологтердің пікірінше, барлық тағамдар ішіндегі ең басты қуаныш көзі – қант. Қантқа тәтті дәм тән. Адамның көңіл күйі тәтті жеу барысында көтеріледі екен. Қант қандағы инсулин деңгейін көтереді, соның нәтижесінде дофамин (адам ағзасында қанағаттану, ләззат алу сезімдеріне жауап береді) ағзада бөлінеді екен. Мәдени ерекшеліктерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу нысаны болғанда мәдениеттану, психология, тарих, этнография сияқты пәндерді де негізге алу керек [5]. Сондықтан да респонденттеріміздің қуаныш эмоциясына тәтті, торт, балмұздақ, шоколад сөздерінің ассоциация тудыруы заңды деп есептейміз.

Қуаныш эмоциясына өсімдік ассоциациясына гүл, раушан, түймедақ, қызғалдақ гүл атауларын берді. Әр гүлдің өзіндік ерекшеліктері бар. Гүл адамның шынайы сезімі мен эмоциясының көрсеткіші бола алады. Флюорография гүл ғылымы саласында түймедақ – мейірімділіктің, пәктіктің, нәзіктік пен шынайы сезімдердің және жастықтың символы. Қызғалдақ – нәзіктік пен сұлулықтың, жастықтың нышаны. Қызғалдақтан жасалған гүл шоғыры сәттілік пен бақытты білдіреді. Қызғалдақ дала гүлдерінің патшайымы. Раушан гүлі де гүлдердің патшайымы. Әлемде раушан гүлі махаббаттың нышаны болып саналады.

Қуаныш эмоциясына респонденттер жануар атауларынан ит, мысық, күшік, жылқы, елік, қыран ассоциацияларын берген. Көшпенді қазақ халқының күнделікті тұрмысында ит көп пайдаланылған. Ит үйді және малды қорғаған. Ит – жеті қазынаның бірі және қазақ халқы үшін аса қастерлі жануар. Мәселен, қазақта жаңа туған сәбиге иткөйлек кигізеді. Иткөйлек сөзінің мәні сәбиді ауру-сырқаудан, бәле-жаладан сақтайды дегенді білдіреді. Бұл көне заманнан қалыптасқан наным-сенімдердің бірі. Жылқы да жеті қазынаның бірі. Бабаларымыз бұрыннан жылқыны қолға үйретіп, қажетіне жаратқан. Жылқы көшпенді қазақ халқының қасиетті, қадірлі малы. Аңыз-ертегілердің, батырлық эпостарының, дастандардың басты кейіпкері – жылқы. Қазақтың ұлттық сана-сезімінде жылқының адам бойына рух, күш беретін қасиеті бар. Сондықтан «ат – адамның қанаты», «ат үсті – әулие» деп атты ерекше құрмет тұтқан. Қыран да жеті қазынаның бірі. Қыранды Тәңірдің елшісі, күннен жаратылған күннің еркесі деп қазақ халқының көне сенімінде аса жоғары дәріптеледі. Көк байрағымызда бейнеленген қыран құс бейнесі халқымыздың бостандық сүйгіш асқақ рухын, жан-дүниесінің кендігін көрсетеді. Елік – Қазақстанда мекендейтін, дене бітімі әдемі жануар.

Еліктің сымбатына қарап, қазақ ақындары «елігім-еркем» деп жырларына қосқан. Қыздары көрікті болсын деп, қазақ қыздарына Еңлік, Құралай деген есімдер берген. Мысық – үй жануары. Психологтердің ойынша, мысық – үйдегі тыныштық пен жайлылықтың нысаны. Қазақтың күнделікті тұрмыс-салтында үй жануарын үйде асырау салты жоқ. Тек итті ғана сыртта асырайды. Қазақта мысықтілеу деген ұғым бар. Бұл ұғымның мағынасы – мысық иелерінің үйінде бала болмай, жалғыз алданышы мен жұбанышы мен болсам екен деп тілейді. Респондент жауаптарының мағынасын аша келе, тек мысық жауабы қалыптасқан қазақ танымына жат болып келеді. Яғни мысықтың жағымды эмоциялармен байланыстырылуы қазақ мәдениетіне басқа шет елдер мәдениетінің ықпалы бар екенін аңғартады.

3-кесте – Ашу эмоциясының ассоциативті критерийлері

Ассоциация	Жауаптар
түс	Қызыл (42), алқызыл (8), көк (8), күлгін (8), сұр (6), күңгірт(5), ак (5), қара (8), қоңыр (6), жасыл (4)
дәм	Ащы (54) тұзды (15) қышқыл (15) тәтті (6) қан дәмі (3)
өсімдік	Кактус (36), Пияз (жуа) (21), тікенек (11), раушан (8), алоэ (6), арамшөп (6), түймедақ (3) қалақай (5) қызанақ (1) емен (1) қалампыр(1), гүл (1)
жануар	Арыстан (36), жолбарыс (12), ит (12), қасқыр (12), аю (11), бұқа (5), жылан (3), итаю (1), қолтырауын(1), кесіртке (1), кит (1), ешкі (1), жылқы (1), мысық(1), кірпі(1)

Жоғарыда қуаныш эмоциясымен ассоциация берген қызыл, көк, сары түс атаулары қазақ дүниетанымында жағымсыз мағынада да қолданысқа ие. Қызыл түс соғыс, қан, ұрыс, жанжалмен байланыстырылады. Мысалы, қызыл кеңірдек, қызыл өнеш, т.б. жағымсыз мағынада айтылған тіркестер бар. Сары түс қазақ халқында – уайым, көк түс – ойсыздық сияқты адам мінез-құлқына байланысты жағымсыз мағынада байланыстырылады. Көк долы, көк ми, сары уайымға салыну тіркестері халық арасында кеңінен тараған [6].

Ашу эмоциясына респонденттер ащы, тұзды, қышқыл дәм ассоциацияларын берді. Негізінен, үш дәм түрі де тұщы емес, кермек, сор дәмі бар мағынасына келеді. Ащы, тұз сөздері ащы өмір, ащы зар, ащы дауыс (құлақты жаратын қатты үн), тұз көзденді (үрейлене бастады), тұзы ащы татыды (жеккөрінішті болды), тұзы жараспады (тіл табыса алмады), т.б. сияқты жағымсыз мағынада қолданылған.

Аталмыш эмоцияға кактус, тікенек, пияз ассоциациялары берілген. Кактустың отаны Үндістан мен Оңтүстік Америка болып саналады, тропикалық өсімдіктер қатарына кіреді. Мексикалықтардың дүниетанымында

кактустың ұзын инелерінде барлық жамандық пен жаман энергетика жиналады-мыс. Кактус, тікенек инелері бар өсімдік [7]. Тікенектің ауыспалы мағынасы азап, машақат, у, дерт екен. Мысалы, тікенектен шошып, шоқ басты (бір бәледен қашып, екіншісіне ұрынды). Респонденттер ашу эмоциясына арыстан, жолбарыс, қасқыр, аю, ит ассоциацияларын берді. Бұл жануарлар – батылдықпен ұштас жануарлар. Олар кез келген дұшпанмен күресуге дайын жыртқыш аңдар, түр-әлпетіне қарай ашу мен ызаны бойларына жинаған.

4-кесте – Мұң эмоциясының ассоциативті критерийлері

Ассоциация	Жауаптар
түс	Сұр (50) кара (35) ак (2) қоңыр (4), көк (1), кою көк (1)
дәм	Ащы (47) дәмсіз (25), тұзды (13), қышқыл (5), тұщы (1), тәтті (1).
өсімдік	Солып қалған гүлдер (23), жусан (21), кактус (16), шырмауық (17), қалақай (11), арамшөп (5), раушан (2), алөз (1), кара раушан (1), түймедақ (1), сарғалдақ (1), әйел бақыты гүлі (1), бақытгүл (1), шиө (1.)
жануар	Қасқыр (30), ит (15), доңыз (11), мысық (16), сиыр (7), панда (1), гиена (1), аю (1), үкі (1), кесіртке (1), ақбөкен (1), қарға (1), акула (1), коала (1), арыстан (1), піл (1.)

Респонденттер мұң эмоциясына түсте кара, сұр, дәмде ащы, дәмсіз, тұзды дәм, өсімдікте солып қалған гүлдер, жусан, кактус, шырмауық, қалақай, жануар атауларында қасқыр, ит, доңыз, мысық ассоциацияларын берді. Қара түс қазақ дүниетанымында ерекше орынға ие. Қара түс жағымды және жағымсыз мағынада да қолданылады, әсіресе, жамандық, жауыздық, кедейлік, қайғы сияқты жағымсыз мағынада көбірек қолданысқа ие. Мысалы, кара ниет, кара бет т.с.с. тіркестер [6]. Сұр түсі әлемде қарапайымдылық, кәрілік пен мұңды білдіреді. Өсімдік сола бастағанда, өзінің табиғи түсінің орнына кара сұр түстерге боялады екен. Жусан, шырмауық, қалақай, кактус дәрілік қасиеттері зор өсімдіктер қатарына кірсе де, түрі жағынан сүйіспеншілік тудырмайтыны анық. Мысалы, шырмауық улы өсімдік, ал қалақай мен жусан ащы өсімдіктер қатарына кіреді. Қасқыр халық арасында қатал, жауыз жыртқыш аң ретінде танымал. Қасқыр қорек іздеу мақсатында, үнемі малға шабуыл жасаған. Сондықтан да халық санасында жағымсыз жағынан есте сақталған. Доңыз айдағанға көніп, ұзақ жол жүрмейтін жануар болғандықтан, қазақтар доңыз асырамаған.

5-кесте – Бақыт эмоциясының ассоциативті критерийлері

Ассоциация	Жауаптар
түс	Қызыл (29), көгілдір (18), жасыл (17), сары (14) ашық (1) ақ (10), көк (9), қоңыр, (1), күлгін (1)
дәм	Тәтті (69) балмұздақ (21), үй тамағының дәмі (6), алманың тәтті дәмі (1), еттің дәмі (1), тұзды (1), ащы (1)
өсімдік	Гүл (16), әйел бақыты (15), Раушан (15), түймедақ (17), мамыргүл (14), қызғалдақ (10), ағаш (2), папаратник (1), банан (1) , алоэ (1), күнбағыс (1), жүзім (1), пионы (1), қияр (1), қарақат (1), шегіргүл (1), бақбак (1)
жануар	Ит (18), ат (14), елік (11), аққу (11), тауыс (8), аю (5), қарлығаш (5), көгершін (4), қоян (3), бұркіт (3), пингвин (2), құстар (2), үкі (2), мысық (2), дельфин (1), торғай (1), маймыл (1) арғымақ (1), күшік (1)

Бақыт эмоциясына респонденттер түс атауларында қызыл, көгілдір, жасыл, сары, дәмде тәтті, балмұздақ, өсімдік атауларында гүл, әйел бақыты, раушан, түймедақ, мамыргүл, қызғалдақ, жануар атауларында ит, ат, елік, аққу ассоциацияларын берді. Барлық берілген ассоциациялар қазақ дүниетанымына тән, тек әйел бақыты гүлі (спатифиллум) мен мамыргүл қазақ халқының дүниетанымына тән емес. Әйел бақыты гүлінің шығу тегі – Америка, яғни жылуды сүйегін өсімдік. Америкада бұл гүлдің әлем лалагүлі немесе бейбітшілік лалагүлі деген басқа атаулары да бар. Гүлдің үлкен жасыл жапырақтары мен ақ гүлдері көздің жауын алады. Флористтердің пікірінше, гүлдің қанық, нәзік реңктері адам жанына тыныштық сыйлайды [8].

Барлық эмоция атауларына берілген ассоциацияларды жинақтап саралай келе, психолінгвистикалық эксперименттің мақсаты орындалғанына көз жеткіздік. Атап айтқанда, қуаныш, мұң, бақыт, қайғы, ашу, жек көру, қорқыныш, көре алмаушылық, қызғаныш, үміт, ар-ождан сөздеріне семантикалық ассоциациялар берілді. Талданған негізгі ассоциативті критерийлер әрбір эмоцияға байланысты қазақ тілінде дәм, түс, өсімдік, жануар ассоциацияларын берді.

Ассоциативті эксперименттің нәтижесі бойынша қуаныш (рухани қанағаттану) эмоциясының *қызыл (26), сары (26), тәтті (62), ит (33)* сөздерімен ассоциациясы бар. Ашу (қатты ренжу) эмоциясының *қызыл (52), кактус (36), арыстан (36), ащы (54)* сөздерімен ассоциациялары бар. Мұң (ішкі уайым) эмоциясының *солып қалған гүлдер (23), сұр (50), ащы (47), қасқыр (30)* сөздерімен ассоциациялары кездесетініне көз жеткіздік. Бақыт (өмірден толық қанағаттану) эмоциясымен *тәтті (69), қызыл (29), гүл (16), ит (18)* ассоциациялары ойға келеді. Жек көру (күшті дұшпандық, ыза) эмоциясымен *ащы (38), қышқыл (24), кактус (17), қара (31)* ассоциациялары

елестетіледі екен. Респонденттер қорқыныш (үрей) эмоциясын *қара* (72), *дәмсіз* (29), *қоян* (25), *кактус* (19) ассоциацияларымен байланыстырады. Көре алмаушылық (басқалардың сәттілігіне көне алмау) эмоциясымен *ащы* (18), *тікенек* (21), *қара* (13), *түлкі* (27) ассоциациялары берілген. Қызғаныш (адалдыққа күмән) эмоциясына *қызыл* (24), *ащы* (17), *арам шөп* (12) ассоциациялары тән. Үміт эмоциясы *тәтті* (28), *көк* (31), *көгершін* (26), *гүл* (15) ассоциацияларын тудырады. Ар-ождан (қоғамның, қоршаған ортаның алдындағы жауапкершілік) эмоциясымен *ақ* (15), *тәтті* (11), *раушан* (10) ассоциациялары респонденттердің ойына келеді екен.

Барлық сөздердің негізгі ассоциациялар критерийлерінің талдауы келесідей қорытындыға алып келді: Жағымды эмоциялар тудыратын сөздер (қуаныш, бақыт, махаббат, үміт, ар-ождан) түс, дәм, өсімдік, жануар мағынасында келесідей ассоциация тудырды: тәтті, гүл, қызыл, аққу, ит, раушан гүл, қыран, көгершін. Сонымен қатар ар-ождан көк және үміт сөзі ақ түс ассоциациясын берді. Жағымсыз эмоция тудыратын сөздер (қайғы, қызғаныш, көре алмаушылық, жек көру, ашу, мұң) түс, дәм, өсімдік, жануар мағынасында ащы, қара, сұр, солып қалған гүл, тікенек, шырмауық, қалақай, қасқыр, арыстан, ит, доңыз ассоциацияларымен байланыстырылды. Қызғаныш пен ашу сезімдері қызыл түс ассоциациясын берді. Жек көру сезімі өсімдік ассоциациясында кактус және қызғанышта арам шөп ассоциацияларымен ерекшеленді. Жануар сөз-тірегіне берілген ассоциациялардың ішінде ең көп қайталанған атаулар *қасқыр* (42), *ит* (күшік) (90), *жылқы* (ат) (26), *арыстан* (36), *жолбарыс* (12), *мысық* (34), *аяу* (11), *доңыз* (11), *елік* (23), *көгершін* (36), *аққу* (23), *қыран* (12) болды. Бұл атаулардың берілу себебі заңды деп тұжырымдаймыз. Аталмыш жануар атаулары елімізде кездеседі. Әрі әдебиетімізде, мақал-мәтелдерде, халқымыздың күнделікті тұрмысында кеңінен қолданылатын жануар атаулары. Мәселен, қазіргі таңда арыстан біздің елімізде жоқ болса да, ертеректе біздің жерімізде мекендеген екен, әрі ақын-жазушыларымыз қазақ ер-батырларының ер-жүректігін, батылдығын, түр сипатын арыстан мен жолбарысқа теңеген. Алайда сауалнамamızда біздің географиямызға, салтымызға жат басқа да жануар атаулары бар. Мысалы: пингвин, зебра, дельфин, панда, қолтырауын, кит, коала, акула, гиена, піл және т.б. Бұл жауаптар филология факультетінің шетел тілін оқитын студенттерінде кездесті. Студенттердің күнделікті өмір-салты мен қарым-қатынасы қазақ тілінде болса да, шетел тілінің ықпалы бар екені байқалады. Себебі бұл ықпал олардың алдағы уақытта маман ретінде қалыптасуына әсер етеді. Қазіргі оқу бағдарламаларының міндеттерінің бірі – шетел тілі маманы оқытылатын тіл елінің мәдениет әлемін ана тілі мәдениетімен байланыстыра отырып оқыту. Яғни шетел тілін оқу және оқыту мәдениетаралық қатынас негізінде құрылу керек. Демек, жоғарғы оқу орындарының шетел тілі мамандарына арналған

оқу бағдарламаларының мақсатында қазақ тілінен басқа өзге тілдік сананы қалыптастыру да бар. Осы фактіні авторлар жүргізген еркін ассоциативті эксперимент респонденттерінің ерекше жауаптарынан аңғаруға болады. Санадағы нысандар мен құбылыстардың бейнелері бір мәдениет өкілдерінде біркелкі болғанмен, ассоциациядағы айырмашылықтар адам санасындағы бейнелер мен өзге мәдениет ықпалының ерекшеліктерін көрсетеді [9]. Ассоциативті экспериментте осы атаулардың берілу себебін зерттеуді ары қарай жалғастыру қызуғышылық тудырады және қажеттілігі бар екенін көрсетеді.

Қорытынды

Респонденттердің жауаптарын талдай келе жағымсыз мағынасы бар (ашу, қайғы, мұң, қорқыныш, жек көру, қызғаныш) эмоционалды тіл бірліктері жою, агрессия, қараңғы, суық, төмен сияқты мағыналас сөздерге жақын екені айқындалды. Ал, жағымды эмоциялар (қуаныш, бақыт, үміт, ар-ождан) ашық, жарық, жылу, тәтті, еркіндік сияқты ассоциациялар тудырады. Л. Г. Бабенко және Ю. В. Казарин «Лингвистический анализ художественного текста» атты еңбегінде тұжырымдағандай, жағымсыз эмоциялар төменге ↓, жағымды эмоциялар жоғарыға ↑ бағытталған [10]. Бұл эксперимент эмоцияларды сипаттайтын сөздердің ассоциациясын анықтауға мүмкіндік берді және адам санасындағы эмоционалды жағдаятты білдіретін тіл бірліктерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсетті. Мәселен, ассоциациялардың ішінен қазақ мәдениеті мен дүниетанымына жат сөздер (мысық, кактус, доңыз, әйел бақыты гүлі, мамыргүл) кездесті. Қазіргі күнделікті тұрмыс-салтымызда бұл атаулар кездесе де, көшпенді қазақ халқының тұрмысына жат болып саналады. Бұл мәдениетаралық қарым-қатынас негізінде меңгерілген шетел тілінің ықпалы деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Мезенцева, Е. С., Темирбекова Г. А.** Сопоставительные исследования в казахстанской лингвистике (по материалам ассоциативных экспериментов) [Электрондық ресурс] // Вестник Московской международной академии. 2015. – № 1. – URL : <https://cyberleninka.ru/article/n/sopostavitelnye-issledovaniya-v-kazahstanskoy-lingvistike-po-materialam-assotsiativnyh-eksperimentov> (дерек көзге жүгіну күні: 13.06.2022).

2 **Ақбердыева, Б. Қ.** Сөз мағыналарының өзгеру заңдары: ассоциативті байланыстар. – Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 4. – 6–9 б.

3 **Mullagayanova, G. M.** Color Designation of Emotions in the English Language. Middle-East Journal of Scientific Research 15 (6), – 2013. – pp. 902–906.

4 **Мажитаева, Ш., Қасқатаева, Ж.** Фразеологизмдер құрамындағы түр-түс атаулары: лингвотанымдық талдау. – Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – № 1. – 159–166 б.

5 **Карасик В. И.** Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград, – 2002. – 477 б.

6 **Қайдаров, Ә. Т., Өмірбеков, Б., Ахтамбердиева, З. Т.** Сырға толы түр мен түс. – Алматы : Қазақстан. 1986. – 45 б.

7 **Қақтыс — Уикипедия (wikipedia.org)** [Электрондық ресурс] (дереккөзге жүгіну күні: 13.06.2022 ж.)

8 **Спатириллум — Уикипедия (wikipedia.org)** [Электрондық ресурс] (дереккөзге жүгіну күні: 13.06.2022 ж.)

9 **Тарасов, Е. Ф.** Актуальные проблемы анализа языкового сознания. // Языковое сознание и образ мира. Сборник статей. – отв. Ред. Н. В. Уфимцева. М., – 2000. – 19–24 б.

10 **Бабенко, Л. Г., Казарин, Ю. В.** Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика: Учебник; Практикум \ Л. Г. Бабенко, Ю. В. Казарин – 3-е изд. испр. – М. : Флинта : Наука. – 2005. – 496 б.

References

1 **Mezentseva, E. S., Temirbekova, G. A.** Sopotavitel' nye issledovaniya v kazhstanskoy lingvistike (po materialam associativnyh eksperimentov) [Comparative studies in Kazakh linguistics (based on the materials of associative experiments)] [Electronic resource] // Bulletin of the Moscow International Academy. 2015. – № 1. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sopotavitel'nye-issledovaniya-v-kazhstanskoy-lingvistike-po-materialam-assotsiativnyh-eksperimentov>. (Date of accessed: 13.06.2022)

2 **Aqberdiyeva, B. Q.** Sóz maǵynalarynyń ózgerý zaǵdary: assotsiativti baılanystar. [Laws of change of word meanings: associative relations] – Bulletin of Kokshetau State University named after sh. Ualikhanov. Philology series. – 2017. – № 4. – pp. 6–9.

3 **Mullagayanova, G. M.** Color Designation of Emotions in the English Language. Middle-East Journal of Scientific Research 15 (6), – 2013. – pp. 902–906.

4 **Majitaeva, Sh., Qasqataeva, J.** Frazеologizmder quramyndagy túr-tús ataýлары: lngvotanymdyq taldaý. [Names of colors in phraseology: linguistic-

cognitive analysis] – Bulletin of the Karaganda university. Philology series – 2013. – № 1. – pp. 159–166.

5 **Karasik, V. I.** Iazykovoi krug: lichnost, kontsepty, diskurs. [Language circle: personality, concepts, discourse] – Volgograd, 2002. – 477 p.

6 **Kaidarov, A. T., Ómirbekov, B., Ahtamberdieva, Z. T.** Syrga toly túr men tús. [Secrets of type and colour] – Almaty : Kazakhstan. – 1986. – 45 p.

7 [Cactus - Wikipedia](#) [Electronic resource] (Date of accessed: 13.06.2022)

8 [Spathiphyllum - Wikipedia](#) [Electronic resource] (Date of accessed: 13.06.2022)

9 **Tarasov, Ye. F.** Aktual'nye problemy analiza jazykovogo soznaniya. [Actual problems of language consciousness analysis.] \ Jazykovoje soznanie i obraz mira. Sbornik statej. – otv. Red. N. V. Ufimtseva. – Moscow. – 2000. – pp. 19–24.

10 **Babenko, L. G., Kazarin, Ju. V.** Lingvisticheskij analiz hudozhestvennogo teksta. [Linguistic analysis of the literary text.] Teoriya i praktika: Uchebnik; Praktikum \ L. G. Babenko, Ju. V. Kazarin – 3-e izd. ispr. – Moscow : Flinta : Nauka. – 2005. – 496 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*И. Б. Булегенова¹, Г. К. Кенжетева²

^{1,2}Евразийский Национальный Университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

АССОЦИАТИВНЫЕ СВЯЗИ ЕДИНИЦ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ

Эмоция — это особый вид выражения психического состояния человека. Она всегда тесно связана с чувствами. Поскольку человеческое бытие находится в постоянном изменении, чувства и эмоции также постоянно меняются, влияют друг на друга и находятся в постоянном соотношении. Поэтому изучение эмоций в науке, особенно в лингвистике, всегда актуально. Психическое и эмоциональное состояние человека может выражаться лексическими, синтаксическими, фонетическими и морфологическими средствами. В статье освещается ход ассоциативного эксперимента, одного из путей определения ментального образа языкового сознания. Ассоциативный эксперимент широко используется в лингвистике и психолингвистике. Один из них – свободный ассоциативный

эксперимент. Эксперимент направлен на выявление и описание в казахском языке смысловых значений (коннотаций) таких эмоций, как радость, гнев, горе, счастье, грусть, страх, ревность, зависть, ненависть, совесть, надежда. С помощью эксперимента можно убедиться в особенностях функционирования языкового сознания. Всего в эксперименте приняли участие 100 респондентов. Респонденты были студентами факультета естественных наук и филологического факультета. Возраст респондентов от 18 до 23 лет. В процессе заполнения анкеты время не ограничивалось, однако время выполнения в среднем занимало 15–20 минут. В соответствии с этикой исследования в ходе эксперимента соблюдались принципы анонимности. Заполненные анкеты были тщательно проанализированы.

Ключевые слова: положительные эмоции, отрицательные эмоции, ассоциативный эксперимент, языковое сознание, психолингвистика

**I. B. Bulegenova¹, G. K. Kenzhetayeva²*

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Material received on 12.12.22.

ASSOCIATIVE RELATIONS OF EMOTIONAL VOCABULARY UNITS

Emotion is a complex state that expresses a person's mental state. It is always closely connected with feelings. Since human existence is in constant change, feelings and emotions are also constantly changing, influence each other and are in constant correlation. Therefore, the study of emotions in science, especially in linguistics, is always relevant. The mental and emotional state of a person can be expressed by lexical, syntactic, phonetic and morphological means. The article highlights the course of the associative experiment, one of the ways to determine the mental image of linguistic consciousness. The associative experiment is widely used in linguistics and psycholinguistics. One of them is a free associative experiment. The experiment is aimed at identifying and describing in the Kazakh language semantic meanings (connotations) of emotions such as joy, anger, grief, happiness, sadness, fear, jealousy, envy, hatred, conscience, hope. With the help of an experiment, you can verify the peculiarities of the functioning of linguistic consciousness. A total of 100 respondents took part in the experiment. All respondents are students of the Faculty of Natural Sciences and the Faculty of Philology. The age of respondents is

from 18 to 23 years. In the process of filling out the questionnaire, the time was not limited, but the execution time took 15–20 minutes on average. In accordance with the ethics of the study, the principles of anonymity were observed during the experiment. The completed questionnaires were carefully analyzed.

Keywords: positive emotions, negative emotions, associative experiment, language consciousness, psycholinguistics

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz